

Есеп айырысуларда қолдағы ақшаның пайдаланылуын ретке келтіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 27 қаңтар N 1532.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1996.06.13. N 8-1 Заңымен. ~
Z960008

Қолдағы ақшаның айналымын ұйымдастыруды жетілдіру, салық түсімін ұлғайту есебінен бюджеттің кірісін арттыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде қаулы етемін:

1. Меншіктің барлық нысанындағы кәсіпорындар, ұйымдар мен мекемелер: тауар-материалдық құндылықтар мен көрсетілген қызмет үшін заңды тұлғалармен есеп айырысуды қатаң түрде аударым тәртібі бойынша жүргізісін. Қолдағы ақшаны пайдалануға ең төменгі жалақының 4 еселенген мөлшерінен аспайтын сомада ғана жол беріледі;

халықтан тауарлар мен қызмет үшін төлемдердің есеп айырысу чектерімен және коммерциялық банктердің чектерімен міндетті түрде қабылдануын қамтамасыз етсін;

чектерге тауарларды /қызметті/ сатып алудың ең төменгі құнының көлемін ең төменгі жалақының 2 еселенген мөлшерінде белгілесін.

төлем нысанына /қолдағы ақшамен, чектермен, аударым жасаумен/ карамастан, халыққа сатылатын тауарларға /қызметке/ бірдей бағалардың қолданылуын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі N 1544 қаулысының 1-тармағының күші аталған Заңның 17 бабы жөнінен 1994 жылға кідірітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:
мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен бір ай мерзімде осы Жарлықты бұзушыларға экономикалық санкциялар қолдану тетігін және оның орындалуына бақылау жасау тәртібін әзірлесін;

банк кәртiшкелерiн қолдану арқылы айырысу жүйесiн енгiзу жөнiндегi бағдарламаны әзірлеу мен жүзеге асыруды жеделдету шараларын қолдансын;

Қазақстан Республикасының жаңадан сайланған Жоғарғы Кеңесінің қарауына "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Қазақстан Республикасының

Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Заңының жобасын енгізсін.

4. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол Қазақстан Республикасының

"Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" Заңына тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін қолданылады.

Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Алматы. 1994 жылғы 27 қаңтар
N 1532